

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2-3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.09 - 30.09.2022 г.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, қурап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күннің көзінде тұрғанына көңіл аудару; оған адам ғана емес, өсімдіктердің мұқтаж екенін байқату; өсімдіктердің жапырақтары күннің көзінде жылтырап тұрғанын байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Құрылыс материалдардың қорапта жиналып тұрғанына көңіл аудару; бөлшектер шашылса, қорапқа сыймайтынын байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үсті ойындар сөресінде шашылған бауларға көңіл аудару; баулардың ойыншықтарда байланғаны әдемі болатыны туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.
	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Құлыншаққа қоршау". Мақсаты. Балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде	Саусақ жаттығуы. "Сары күнге ұқсап". Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде ұғымдарды қалыптастыра бастау; тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан кимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерді өлшемдеріне сай ойықтарға салуға ынталандыру; ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын	Байлау ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларды бау байлауға үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: байлау

	алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, өз жұмысына эмоциялық сезіммен риза болу қабілетін қалыптастыру; еліміз Қазақстан туралы ұғым беру. "Қоршау саламын" іс-тәжірибе жаттығуы.	жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).	Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова	дамыту. - Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық.	ойыншықтары. - Бауларды ұштарынан алайық, Көздерге өткізіп, байлайық.
Таңертенгі жаттығу	1 – Бастапқы қалып – негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру. 1.1. – қолды жан-жаққа созып, жоғары көтеріп, саусақтарды қимылдатып, "Жалауды желбірейік" деп айту, демді ішке тарту. 1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып – аяқтарды сәл алшақ қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 2.1. – басты оңға иіп, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету. 2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу. 2..3. – басты солға иіп, қолды сырғытып төмен түсіріп, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау. 2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып – аяқтарды бірге қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 3.1. – жерге отырып, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.				

	3.2. – Бастапқы қалыпға келу. 3.3. – жерге отырып, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету. 3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).				
Таңғы ас	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табакшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Қош келдің, Алтын күз! Алтын жапырақты күз! Біздің қолдарымыз жапырақтардай. Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Жалауды биікке көтереміз". Мақсаты. Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын	Музыка. "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсаты. Балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және әннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық	Дене шынықтыру. "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсаты. Балаларды тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын	Дене шынықтыру. "Салтанатты адым". Мақсаты. Балаларды тізені жоғары көтеріп жүруге үйрету; тізені жоғары көтеріп, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Алаша". Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай,

	бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Жел тұрды" жаттығуы.	қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру. "Кім жылдам қозғалады?" ойыны.	бақылап, қайталау; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыта отырып, балаларда жағымды эмоциялық көңіл-күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Жел тұрды" жаттығуы.	қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дене жаттығуларын жасауда тазалыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Маған қарай адымдандар" қимыл ойыны.	бірыңғай түрде қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; алашаның тұрмыстағы қолданылу маңызы туралы түсінік беру. "Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Жапырақтарды	Сары	Желді бақылау.	Ақшыл бұлтты	Күзгі ауа райын

	бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? - Жарайсыңдар, бұл жапырақтар. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог түсіп жатқанына көңіл аударады. - Қараңдаршы. - Жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп	жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне	Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде қурап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып.	бақылау. Мақсаты. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауға үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясындар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасындар? Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды	бақылау. Мақсаты. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы: жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады. - Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді. - Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау.
--	--	---	---	--	--

	жатыр. <i>"Сап-сары жапырақтар"</i>. - Сап-сары жапырақтар ... Сап-сары жапырақтар ... Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. М. Мақатаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Саябаққа шығайық" ойыны. Мақсаты. Балаларды сапта тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап басып, жүре білуге үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. - Саябаққа шығайық, жиналайық, Сап-сары жапырақты, кел алайық, Құстарға қолмен бұлғап, шақырайық, Шеңберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, жапырақтар біздің бау-бақшада қандай	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып	Қ. Ыдырысов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз,
--	--	--	--	--	---

	әрекет етуге баулу. "Жапырақтар" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, көркем сөзге сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оң-солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарды қайталауды көрсетеді. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы.	әдемі ұшты, жерге қонды! Балаларды үстелге ертіп әкеліп, отырғызу. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк). - Жарайсыңдар. - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос	сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
--	--	--	---	---	--

	Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.		аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға				

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Саусақ санамағы". Мақсаты. Балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауға үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру. "Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы. Саппен жүру жаттығуы. Мақсаты. Балалардың сапта	Музыкадан ойын-жаттығу. "Әнұран жаттайық". Мақсаты. Балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсінуге баулу; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру. "Кім жылдам қозғалады?" қозғалмалы ойын. "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (Саусақтармен жыбырлату) Бір-біріне укалайық. (Қос алақанды укалау) Арасына өткізіп, (Алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу) Мықты құлыптар жасайық. (Қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) Д. Ахметова	"Киюді үйрену" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс ынталандыру.	"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).

	түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі сепетке салуға үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай).			
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ	-Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса – тұрмайық,	Ермексаздан шамасы бірдей кесектерді жұлу амалын игерту. "Жапырақтар".	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Саусақтарды ойнатайық, Бір-біріне уқалайық.

	Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	Қолға шатыр алайық Там-там – соқса тамшылар, Жамылып, отырайық. Д. Ахметова		Арасына өткізіп, Мықты құлыптар жасайық. Д. Ахметова
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Қуыршақ Дана мен балапандар". Мақсаты. Балалардың үй құстары мен олардың балапандары туралы түсініктерін кеңейту; сурет мазмұнындағы кейіпкерлер әрекеті арқылы балалардың қабылдау қабілетін, тілін, түйсіктерін дамыту. "Нені көрдім?" дамытушы жаттығу.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Саусақ жаттығуы. "Ұшты талдан жапырақ". Мақсаты. Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың моторикасын; жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.				

	Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған заттардың атын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері".